



Мінез-құлық кодексі

2024 жылғы 21 қазандағы жағдай бойынша

Тараулар

Басшылықтың талаптарға сәйкестікке бейілділігі

- Брент Сондерс, Бас атқарушы директор және Директорлар кеңесінің төрағасы
- Джонатон Келлерман, Компанияның комплаенс қызметінің басшысы

Миссия + бағыт-бағдар

- Біздің миссиямыз + бағыт-бағдарымыз

Күнделікті этика

- Этика және талаптарға сәйкестік бағдарламасы
- Заңдар, нормативтік актілер және салалық тәжірибе
- Этикалық шешімдер мен ұсынымдар
- Біздің қарым-қатынас мәдениетіміз
- Бұзушылықтан қауіптену және хабарлау
- Қудалаудан қорғау

Әділ іскерлік тәжірибе

- Монополияға қарсы реттеу және адал бәсекелестік
- Этикалық коммуникациялар
- Парақорлықпен күрес
- Іскерлік жазбалар және есептілік
- Сыйлықтар және ойын-сауық
- Үшінші тараптарды басқару

Зерттеу және әзірлеу

- Зерттеу және әзірлеу этикасы
- Клиникалық деректердің біртұтастығы
- Адам құқықтарын қорғау
- Жануарларды қамқорлау

Пациенттер, тұтынушылар және сапа

- Сапалы өнімдер
- Пациенттер мен тұтынушылардың қауіпсіздігі
- Пациенттермен және тұтынушылармен өзара әрекеттесу
- Медицинаға қол жеткізу

Әріптестер

- Әртүрлілік, теңдік және инклюзия
- Жұмыс орнындағы қауіпсіздік
- Мүдделер қақтығысына жол бермеу
- Ақпаратты көпшілікке жариялау

- Әлеуметтік желілерді пайдалану
- Ішкі ақпарат

Қоғамдастықтар

- Қайырымдылық қызметі және қайырсыялар
- Саяси жарналар мен қызмет
- Адам құқықтары
- Экспорттық бақылау, экономикалық санкциялар және бойкоттар
- Тұрақты даму және қоршаған орта

Компания активтері

- Құпия ақпарат
- Деректердің құпиялылығы
- Жасанды интеллектіні жауапкершілікпен пайдалану
- Ақпараттық технологиялар және киберқауіпсіздік
- Зияткерлік меншік
- Жазбаларды сақтау

Басшылықтың талаптарға сәйкестікке бейілділігі

Әріптестеріміз бен барлық қызмет алушылар үшін,

Біз адамдардың көздері жақсы көріп, жақсы өмір сүруіне көмектесу үшін денсаулық сақтау және инновациялар саласын дамытуымен айналысамыз. Біздің мұны қалай жасайтынымыздың маңызы зор. Біз бизнес жүргізу мен этикалық мінез-құлықтың биік стандарттарын ұстануға тырысамыз. Біз ұйым ретінде дамуды жалғастыра отырып, адалдыққа, құрметке және есеп беруге негізделген берік іргетасты сақтау маңызды екенін түсінеміз.

Бұл стандарттар біздің Мінез-құлық кодексімізде көрсетілді. Бұл интерактивті ресурс қызметті біздің миссиямызға сәйкес жүргізіп, ынтымақтастықтың келесі негізгі қағидаттарына негізделген мәдениетімізді қолдауды қамтамасыз ететін нұсқаулық ретінде қолданылады:

- **Адалдық пен ашықтық:** Біз әрқашан барлық қарым-қатынастарда этикаға сүйеніп, ашық әрекет етуіміз керек.
- **Басқаларға құрметпен қарау:** Біздің аралас командамыз - басты жетістіктеріміздің бірі. Біз әр адамды бағалайтын және еститін атмосфераны құруымыз қажет.
- **Есеп беру:** Ортақ стандарттарды сақтауда әр адамның өз рөлі бар. Егер біздің құндылықтарымызға сәйкес келмейтін нәрсені байқасаңыз, бұл туралы айтуыңыз қажет.
- **Талаптарды ұстану:** Біз барлық қолданыстағы заңдар мен нормаларды ұстана отырып, біздің іскерлік тәжірибеміз этикалық мінез-құлыққа деген адалдығымызды көрсететінін қамтамасыз етуге тиіспіз.

Мен әр адамнан осы Мінез-құлық кодексімен танысып шығып, оның қағидаттарын өзінің күнделікті жұмысына енгізуін сұраймын. Ортақ құндылықтарымызға адал болғаныңыз үшін алғысымыз шексіз. Бірлесе отырып, осы салада 170 жылдан астам уақыт ішінде орныққан сенім мен жауапкершілік мәдениетін нығайтамыз.

Ізгі ниетпен,

Брент Сондерс

Бас атқарушы директор және Директорлар кеңесінің төрағасы, Vausch+Lomb

Bausch+Lomb компаниясының бүкіл қызметінің ажырамас бөлігі болып саналатын Мінез-құлық кодексімізді қабыл алыңыздар. 170 жылдан астам уақыт бойы біз өз бизнесімізді жоғары деңгейдегі адалдықпен жүргізуге деген бейілділікті сақтап қалдық.

Біздің Кодексіміз – жай құжат емес, біздің ортақ құндылықтарымыздың көрінісі. Біздің Кодексіміз бизнес жүргізудің біздің құндылықтарымызға сүйенетін тәсілдемесін білдіреді және күнделікті этикадан, адал іскерлік тәжірибеден бастап клиенттермен, пациенттермен және бір-бірімізбен арамыздағы қарым-қатынасымызға дейінгі маңызды ұғымдарға қатысты талап-тілектерді айқындайды. Кодекс біздің адалдық, есеп беру және сыйластыққа деген ниетіміздің оң екенін көрсетеді. Біз оны күнделікті іс-әрекеттерде басшылыққа аламыз және оған сүйеніп шешім қабылдаймыз.

Адалдық – бұл ешкім қарап тұрмағанның өзінде бәрін дұрыс жасау. Бұл өзіңе және өзгелерге адал болу дегенді білдіреді. Есеп беру – қызметтің маңызды тұсы. Егер біздің құндылықтарымызға сәйкес келмейтін немесе біздің стандарттар мен саясатымызға сай келмейтін нәрсені байқасаңыз, бұл туралы айтуыңыз қажет. Басқа адамдарға және қоршаған ортаға деген құрмет біздің мәдениетіміздің негізін құрайды. Біз алуан түрлілікті қолдаймыз және бәрін ашық қарым-қатынасқа шақырамыз.

Біз Мінез-құлық кодексіні толығымен интерактивті, қолдануға оңай ресурс ретінде әзірледік, сұрақтарыңызға жауаптарды, сондай-ақ тиісті саясаттар мен құжаттардың сілтемелерін жылдам табу үшін оған кез келген құрылғыдан кіруіңізге болады. Тіпті сұрақтарға жауап алуға көмектесетін арнайы чат-бот бар. Біз жаңа Кодексті іске асыра отырып, сценарийлерге негізделген тренингтер әзірлеп, сондай-ақ жекелеген тақырыптар бойынша ақпаратты мерзімді және қызықты етіп жаңарттық.

Біздің әрқайсымыз биік моральдық стандарттарды сақтайтын этикалық өндірістік ортаны құруға жауаптымыз. Біз адамдардың көзін сақтап, өмірін жақсартуды көздейтін өз миссиямызға жетуге тырысамыз және барлығының осы қағидаттарды түсініп, қабылдауына көмектесеміз. Олар бізге этикалық шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді.

Bausch+Lomb компаниясының маңызды бөлігіне айналғаныңыз үшін рақмет. Барлығымыз бірге Мінез-құлық кодексіні ұстанып, әркімнің табысқа жетуіне көмектесетін ортаны құруға ұмтылайық. Бизнесіміз бірге, адал, жауапкершілікпен және құрметпен жүргізсек, бәріміз жетістікке жетеміз.

Джонатон Келлерман
Компанияның комплаенс қызметінің басшысы

Біз Миссиямызға + бағыт-бағдарымызға сүйенеміз

Біздің миссиямыз қарапайым әрі мағыналы - бүкіл әлемдегі адамдар жақсы өмір сүруі үшін көздерінің жақсы көргенін қалаймыз. Джей Джей Бауш пен Генри Ломб біздің компанияны 1853 жылы осы мақсатпен құрды және осы күнге дейін біз мақсатқа адалмыз. Инновацияларға, сапаға және шеберлікке үнемі назар аудара отырып, біз өмірдің әр кезеңінде адамдардың көру қабілетін сақтап, нығайту туралы көзқарасымыздан айнымаймыз.

Күнделікті этика – біздің нысанамыз

Біздің Мінез-құлық кодексіміз ("Кодекс") – Vausch+Lomb компаниясында құндылықтарымызды, үміттерімізді және бизнес жүргізу тәсілдерімізді түсінудің маңызды ресурсы. Бұл біздің этика және нормативтік-құқықтық талаптарға сәйкестік бағдарламамыздың негізгі құрамдас бөлігі, сондықтан күнделікті байыпты, ақылға қонымды және адал шешімдер қабылдау үшін нұсқаулық ретінде қызмет етеді.

Этика және нормативтік-құқықтық талаптарға сәйкестік бағдарламасы

Біздің іргетасы берік және тұрақты брендіміз Компанияның екі ғасырға жуық қызметінде қалыптасқан пациенттердің, тұтынушылар мен клиенттердің нық сенімі мен бейілдігіне негізделген. Біз пациенттерге олардың көру қажеттіліктерінің барлық спектрі бойынша қызмет көрсетуге арналған 400-ге жуық өнімдердің ауқымды портфолиосын әзірлейміз, шығарамыз және жүзеге асырамыз.

Біздің беделіміз өнімдеріміздің сапасына және бүкіл әлем бойынша бизнесімізді қалай жүргізетінімізге байланысты. Біз бизнесті барлық тұрғыдан дұрыс жүргізуге тырысамыз. Біз Кодексімізде баяндалған қағидаттарды ұстана отырып, біз пациенттердің көзінің жақсы көруіне және жақсы өмір сүруіне көмектесуде бизнеске сенім артамыз.

[Нормативтік-құқықтық талаптарға сәйкестік жөніндегі Жаһандық нұсқаулықты](#) қараңыз.

Заңдар, нормативтік актілер және салалық тәжірибе

Егер біздің Кодексіміз кез-келген қолданыстағы федералдық немесе жергілікті заңнамадан өзгеше болса, қатаңдау стандарт қолданылады. Егер сізде біздің Кодекс пен қолданылатын кез келген федералдық немесе жергілікті заңдар арасындағы ықтимал қақтығыс туралы сұрақтарыңыз болса, заң бөліміне немесе ішкі бақылау бөліміне хабарласыңыз.

Біздің Мінез-құлық кодексімізді кім ұстанады?

Біз Кодексті келесі адамдар ұстанады деп үміттенеміз:

- [Әріптестер](#) мен менеджерлер
- Директорлар кеңесінің мүшелері
- Біздің атымыздан әрекет ететін үшінші тұлғалар

Біздің талап-тілектеріміз

- Біз Кодекс қағидаттарын ұстанамыз және күн сайын этикалық шешімдер қабылдаймыз.
- Біз Everyday Ethics бағдарламасына қатысамыз, сондықтан бизнес жүргізу тәсілінің маңызы зор.
- Біз өзіміз бизнес жүргізетін елдердің заңдары мен ережелерін сақтаймыз.

- Біз Кодексті жыл сайын қайта қараймыз және растаймыз.
- Кодекске қатысты кез келген мәселелер бойынша түсініктеме алу үшін біз өз басшымызға, ішкі бақылау бөліміне, заң бөліміне немесе кадрлар бөліміне жүгінеміз.
- Біздің атымыздан әрекет ете отырып, үшінші тұлғалар Кодекс құндылықтарын ұстанатын болады.

Этикалық шешімдер мен ұсынымдар

Мен бүгін этикалық шешім қабылдай алдым ба?

Өзіңізге келесі сұрақтарды қойыңыз:

- Бұл әрекеттер заңды ма?
- Бұл біздің корпоративтік құндылықтарымызға сәйкес келе ме?
- Бұл біздің саясаттарымызға сәйкес келе ме?
- Бұл пациенттер мен тұтынушылар үшін жақсы ма?
- Бұл біздің әріптестеріміз үшін қауіпсіз бе?
- Бұл қоршаған орта үшін қолайлы ма?
- Бұл біздің қоғам үшін жақсы ма?
- Бұған салалық стандарттарда рұқсат етілген бе?
- Бұл әрекеттер біздің беделімізді қорғай ма?

Егер бәріне "иә" деп жауап берсеңіз, онда дұрыс шешім қабылдадыңыз. Егер осы жауаптардың кем дегенде біреуіне "жоқ" немесе "сенімді емеспін" деп жауап берсеңіз, әрі қарай әрекет етпес бұрын кеңес алыңыз.

Ұсынымдарды қайдан алуға болады?

Егер күмәндансаңыз, келесі адамдарға сұрақ қойыңыз:

- Өз басшыңыз
- Ішкі бақылау бөлімінің басшысы
- Заң бөлімі
- Кадрлар бөлімі

Біздің қарым-қатынас мәдениетіміз

Vausch+Lomb компаниясында біз бәріміз нормалар мен ережелерді сақтауға жауаптымыз. Кодекстің, саясаттардың, заңдардың немесе нормативтік актілердің болжамды бұзылғаны туралы барлық орынды хабарламалар қаралады. Ішкі бақылау бөлімі барлық тергеулерді бақылайды және тергеу жоспарын жүзеге асыру үшін заң бөлімімен және кадрлар бөлімімен ынтымақтасады. Бұзушылықпен ұсталған кез келген адамға тәртіптік шара қолданылып, тіпті жұмыстан шығарылуы да мүмкін.

Біз барлық қолданыстағы заңдарды, ережелер мен нормаларды сақтау үшін ақылға қонымды және орнықты пайымдарды ортаға саламыз және егер олардың орындалатынына сенімді болмасақ, кеңес сұраймыз. Біздің жетістігіміз бен беделіміз этикалық емес немесе Заңды, Кодексті, қағидаларымызды немесе салалық стандарттарымызды бұзуы мүмкін деп күдіктенетін жағдайларға тап болған кезде бұл жөнінде көпшілікке жеткізу үшін қаншалықты батыл болатынымызға байланысты.

Болжалды бұзушылық туралы қалай хабарлауға болады?

Бізге хабарласыңыз:

- Сіздің басшыңыз
- Ішкі бақылау бөлімінің басшысы
- Заң бөлімі
- Кадрлар бөлімі
- Іскерлік этика мәселелері жөніндегі қызу желі тәулігіне 24 сағат, аптасына 7 күн бойы байланыста.
 - Әріптестер адал пиғылмен күдік туралы хабарлаған кезінде аты-жөнін жасыра алады.
 - <http://www.bauschandlomb.ethicspoint.com>
 - [Іскерлік этика мәселелері жөніндегі қызу желі](#)
 - 1-844-974-5090 АҚШ пен Канада үшін
 - 8-800-301-86-04 Ресей үшін
 - Жергілікті қызу желінің қосымша нөмірлерін <http://www.bauschandlomb.ethicspoint.com> сайтынан алуға болады

Қудалаудан қорғау

Біз сенімді, батыл сөйлейміз, талаптарға сәйкестік туралы сұрақтар қойып, кеңес сұраймыз. Сұрақ қоя отырып, ықтимал бұзушылықтар туралы хабарлағанда немесе болжамды саясат немесе заң бұзушылық бойынша тергеуге қатысқанда, сіз біздің құндылықтарымызды ұстанасыз және компанияға, әріптестерге, пациенттерге және клиенттерге опасыздық жасамайсыз. Еш жағдайда Vausch+Lomb компаниясы сізден кек алмайды немесе сізге қатысты кез келген қудалауға жол бермейді.

Қудалаудың жұмыстан орынсыз шығару, қолайсыз жұмыс міндеттерін жүктеу немесе жұмыстың тиімділігін әділетсіз бағалаудан бастап, басшылардың немесе басқа адамдардың қорлау немесе адамның қадір-қасиетіне тіл тигізу сияқты түрлері болуы мүмкін.

Біздің талап-тілектеріміз

- Біз сұрақтар қойып, кеңес іздейміз.
- Біз этикалық шешімдер қабылдаймыз.
- Біз Заң, Кодекс және салалық стандарттардың бұзылуына қатысты күдік пайда болғанын хабарлаймыз.
- Біз әр арызды тексеріп, тиісті шаралар қабылдаймыз.
- Біз өз алаңдаушылығын жеткізетін және біздің тергеуімізді қолдайтындарды қудалауға тыйым саламыз.
- Біз барлық қудалау туралы мәлімдемелерге байыппен қараймыз.
- Біз қудалауды теріс қылық ретінде қарастырамыз.

Bausch + Lomb компаниясы осы Кодексті өз пайымы бойынша түсіндіріп, қолдану құқығын өзіне қалдырады. Біз Кодексті өз ұйғарымымыз бойынша кез келген уақытта жаңартып, толықтырып, өзгерте аламыз немесе күшін жоя аламыз.

Іскерлік этика стандарттарының бұзылғаны туралы хабарламаларға қатысты саясатымызбен танысыңыз.

Әріптестерге арналған орталық саясаттар порталы

Адал іскерлік тәжірибеге көңіл бөлу

Біз бизнестің адал және ашық жүретініне сенеміз және этикалық ережелерді сақтауға тырысамыз. Біз тек қолданыстағы заңдарға, ережелер мен нормаларға сәйкес адал және ашық бәсекелестікке түсеміз.

Біз бизнесті сақтап қалу немесе нарықты жаулау үшін баға белгілеу, бағаға келісіп алу немесе заңсыз жосықсыз бәсекелестікке әкелетін келісімдерді жасасу сияқты қандай болмасын сыбайлас жемқорлық немесе алаяқтық әрекеттеріне қатыспаймыз және жол бермейміз. Біз басқа адамдардың зияткерлік меншік құқықтарын құрметтейміз және бәсекелестеріміз немесе олардың өнімдері туралы ақпаратты заңсыз немесе этикаға жат жолмен алмаймыз.

Монополияға қарсы реттеу және адал бәсекелестік

Монополияға қарсы заңнама және адал бәсекелестік туралы заңдар нарықтағы бәсекелестікті ынталандыруға және қорғауға арналған. Біз адал бәсекелестік инновацияларға ықпал етеді және нарыққа өнімнің кең ассортиментін және осындай өнімдердің теңгерімді бағасын қамтамасыз ету арқылы клиенттеріміз бен пациенттерімізге пайда әкеледі деп санаймыз.

Біз жеткізушілермен, көтерме саудагерлермен, дистрибьюторлармен, клиенттермен, бәсекелестермен немесе кез келген үшінші тараптармен еркін нарықты заңсыз шектейтін ауызша немесе жазбаша келісімдер жасаспаймыз. Бағаны тікелей немесе жанама бақылау мақсатында бәсекелестермен қандай да бір келісімдер немесе уағдаластықтар жасасуға, соның ішінде жеңілдіктер немесе құн сияқты баға белгілеудің кез келген элементтеріне жол берілмейді. Егер сауда туралы заңнамада талап етілмесе, біз белгілі бір клиенттерге немесе жеткізушілерге бойкот жариялау мақсатында өнімдерді, нарықты немесе аумақтарды бөлмейміз.

Монополияға қарсы ықтимал проблемалардың мысалдары

- Дистрибьюторларға өнімді белгілі бір бағадан төмен бағамен қайта сатуға тыйым салу.
- Бәсекелестерге бағалар туралы жалпыға ортақ емес ақпаратты ашу.
- Клиенттердің өтінімдері бойынша бәсекелеспен жұмыс істеу.

Егер сіз монополияға қарсы немесе адал бәсекелестік туралы заңнаманың бұзылғанынан күдіктенсеңіз, дереу өз басшыңызға, жергілікті ішкі бақылау бөлімінің жергілікті басшысына, заң бөліміне немесе іскерлік этика мәселелері бойынша сенім телефонына хабарласыңыз. Монополияға қарсы немесе адал бәсекелестік туралы заңнаманы бұзуы мүмкін жобаларды қарау кезінде кеңеске жүгініңіз.

Біздің талап-тілектеріміз

- Біз клиенттерді немесе аумақтарды бәсекелестермен бөлісуге келіспейміз.
- Монополияға қарсы заңнаманы немесе адал бәсекелестік туралы заңдарды бұзуы мүмкін немесе бағалық, тендерлік немесе конкурстық стратегияларды орынсыз келісуге әкелуі

мүмкін ауызша немесе жазбаша қандай болмасын келісімдерді талқыламаймыз, ұсынбаймыз немесе жасаспаймыз.

- Біз сауда қауымдастықтарының кездесулері немесе іскерлік іс-шаралар кезінде бәсекелестер туралы құпия ақпаратты тікелей немесе үшінші тұлғалар арқылы талқыламауды немесе алмаспауды мұқият қадағалаймыз.

Халықаралық сауданы бақылау ережелерін сақтау саясатымен танысып шығуыңызды сұраймыз.

Этикалық коммуникациялар

Біз денсаулық сақтау саласындағы құнды және сенімді серіктес болуға тырысамыз. Біз қатысушылардың, зерттеушілердің және медициналық қызмет жеткізушілердің мүдделері үшін, сондай-ақ ғылыми білімді дамыту және пациенттерді емдеу сапасын жақсарту үшін клиникалық зерттеу деректерін ашық ұстаймыз. Клиникалық зерттеу ақпаратына қол жеткізе отырып, біз пациенттердің құпиялылығын қорғаудың және болашақта инновациялық зерттеулер жүргізу үшін қажетті ықыласты сақтаудың маңыздылығын ескереміз.

Біз емдеу туралы орынды шешімдер қабылдауға және өнімдеріміздің тәуекел-пайда ара қатынасын бағалауға мүмкіндік беретін, медициналық тұрғыдан маңызды, өнім туралы жан-жақты және толық ақпарат береміз. Біз медицина және фармацевтика қызметкерлерімен және клиенттермен әртүрлі тәсілдермен байланыс орнатамыз.

Біздің талап-тілектеріміз

- Біз маркетинг тәжірибемізде және ғылыми коммуникацияларымызда шынайы, дәл, дұрыс есептелген мәлімдемелер жасаймыз және жалған, жаңылыстырудан немесе асыра айтудан бойымызды аулақ ұстаймыз.
- Біз бәсекелестердің немесе олардың өнімдері туралы жалған пікір жазбаймыз, сондай-ақ қате немесе жаңылыстыратын жарнама жасамаймыз.
- Біз өз өнімдерімізді қолдануға және таңбалау үшін бекітілген көрсеткіштерге сәйкес насихаттаймыз.

Парақорлықпен күрес

Біз жұмыс істейтін кез келген аумақта тәжірибеміз сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы халықаралық заңнамаға сәйкес келеді. Біз Шетелдегі сыбайлас жемқорлық туралы АҚШ Заңының ("FCPA"), Шетелдік лауазымды тұлғалардың сыбайлас жемқорлығы туралы Канада Заңының, Парақорлық туралы Ұлыбритания Заңының және біз жұмыс істейтін барлық юрисдикцияларда мемлекеттік қызметшілерге пара беру немесе сыбайлас жемқорлыққа қатысты барлық басқа заңдар мен нормативтік актілерді қатаң ұстанамыз.

Басшылық қағидат ретінде біз жеткізушілер, дистрибьюторлар, консультанттар, заңгерлер, агенттер немесе кез келген басқа үшінші тарап арқылы бизнесті заңсыз алу немесе ұстау, іскерлік немесе мемлекеттік шешімдерге әсер ету немесе бизнесте әділетсіз артықшылыққа жол

беру үшін тікелей немесе жанама түрде құнды нәрсені уәде етуге, ұсынуға, төлеуге немесе қабылдауға құқығымыз жоқ екенін білеміз.

Біз барлық мемлекеттік қызметшілерге, соның ішінде медицина және фармацевтика қызметкерлеріне, жеткізушілерге, дистрибьюторларға, әлемнің кез келген түкпіріндегі клиенттерімізге және біздің атымыздан әрекет ететін басқа да үшінші тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде пара беруге, сондай-ақ кез келген заңсыз төлемдерге немесе қызметтерге қатаң тыйым саламыз. Мемлекеттік қызметшілерге мемлекеттік мекемелерде, университеттерде, ауруханаларда жұмыс істейтін немесе олар жалдайтын медицина және фармацевтика қызметкерлері жатады.

Мемлекеттік қызметшілерге, медицина және фармацевтика қызметкерлеріне тамақ, ойын-сауық немесе іссапар шығындарын төлеу жағымсыз әсер қалдыруы мүмкін. Медицина және фармацевтика қызметкерлері үшін осындай шығындарды төлеуге қатысты заңдар мен ережелер әр елде өзгеріп отырады. Одан әрі қарай нұсқаулар алу үшін корпоративтік және жергілікті саясатпен танысып шығыңыз. Егер күмәндансаңыз, кеңес алу үшін ішкі бақылау бөліміне немесе заң бөліміне хабарласыңыз.

Біздің талап-тілектеріміз

- Біз тауарлар мен қызметтерді әділ нарықтық құны бойынша заңды түрде сатып аламыз.
- Біз мемлекеттік ұйымдарға немесе клиенттерге және жергілікті деңгейде рұқсат етілген және оның орнына бағалы ешнәрсе күтпейтін жағдайларда ғана, гранттар немесе қайырсыялар ұсынамыз.
- Біз мемлекеттік қызметшілерге қандай да бір артықшылықтар алу мақсатында, оның ішінде мемлекеттік функцияларды орындауды жеделдету үшін төлемдер жүргізбейміз.

Парақорлықпен күрес жөніндегі жаһандық саясатпен танысып шығуыңызды сұраймыз.

Іскерлік құжаттамасы мен есептіліктің тұтастығы

Біз барлық деректер мен ақпаратты дәл, адал және тиісті толық мәліметтермен тіркейміз және есеп береміз. Бұл қаржылық операциялар туралы жазбалар, шығындар туралы есептер, сынау туралы есептер, өндірістік есептер және бухгалтерлік есеп жазбалары сияқты күнделікті құжаттарға да, сыртқы және ішкі мүдделі тараптардың назарына дәл жеткізілетін басқа да күнделікті құжаттарға немесе есептерге де қатысты.

Біздің талап-тілектеріміз

- Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсы жаһандық қозғалысты қолдаймыз.
- Біздің кітаптар, жазбалар мен құжаттар операцияларды толық көрсетеді және дұрыс сипаттайды.
- Біз барлық қаржылық есептеріміздің дәл болуын қадағалаймыз.
- Біз тек талаптарға сай іскерлік мәмілелер жасаймыз.

- Біз қандай да бір мақсатта жария етілмеген немесе есепке алынбаған қорларды, активтерді немесе шоттарды ашпаймыз.
- Біз кітаптарымыз бен есептерімізде шынайы және дәл жазбалар жасаймыз.
- Біз шығындарды қолданыстағы бухгалтерлік есеп қағидалары мен нормаларына сәйкес жіктейміз және бөліп-таратамыз.

Сыйлықтар және ойын-сауық

Кез келген медицина немесе фармацевтика қызметкеріне немесе мемлекеттік қызметшіге олардың шешім қабылдау қабілетіне ықпал ету мақсатында сыйлықтар, ойын-сауық және басқа да қызметтерді тікелей немесе жанама түрде беруге тыйым салынады. Біз сан қырлы қызметтер мен өнімдер ұсынатын жаһандық компания ретінде медицина немесе фармацевтика қызметкерлері немесе мемлекеттік қызметшілер емес клиенттермен немесе олардың өкілдерімен де бизнес жүргіземіз. Пара алуға мүлдем тыйым салынғанымен, медицина немесе фармацевтика қызметкері немесе мемлекеттік қызметші емес клиент заңды қарапайым сыйлық алуға немесе ақылға қонымды ойын-сауыққа баруға келісетін жағдайлар болуы мүмкін.

Біздің талап-тілектеріміз

- Біз клиенттерді, медицина және фармацевтика қызметкерлерін, мемлекеттік қызметшілерді немесе сатушыларды қоса алғанда, үшінші тұлғаларға пара бермейміз немесе пара беруге тырыспаймыз.
- Біз клиенттер үшін қалыпты және іскерлік форматта тамақтандыруды қамтамасыз етеміз.
- Біз мемлекеттік ұйымдарға жатпайтын және медицина немесе фармацевтика жұмыскерлері емес клиенттер үшін рұқсат етілген ойын-сауық, қарапайым сыйлықтар немесе қызметтер туралы жергілікті заңдарды ұстанамыз.
- Біз клиенттердің жұмыс берушілерінің сыйлықтар, ойын-сауық, тамақтандыру және басқа да жеңілдіктерге қатысты саясаты мен ережелерін сақтаймыз.

[Парақорлықпен күрес жөніндегі жаһандық саясатпен](#) танысып шығуыңызды сұраймыз.

Үшінші тараптарды басқару

Біз зерттеу, әзірлеу, сату, маркетинг, жеткізу тізбегін және өндірісті қоса алғанда, біздің қызметіміздің әртүрлі салаларына көмектесу үшін үшінші тұлғаларды шақырамыз. Біз үшінші тараптармен нақты және түкке тұрғысыз мүдделер қақтығысына түсуден бойымызды аулақ саламыз. Үшінші тарап біздің атымыздан бизнес жүргізген кезде, біз оның әрекеттері үшін жауап береміз. Біз олардың өзімізден өзіміз күтетін ашықтық пен адалдық деңгейінде әрекет етуін қадағалаймыз.

Біздің талап-тілектеріміз

- Біз тек сенімді серіктестермен бірлесіп жұмыс істейтінімізге көз жеткізу үшін үшінші тарапқа қатысты тиісті тексеру жүргіземіз.

- Біздің атымыздан әрекет ететін үшінші тараптар біздің Кодексімізді және, егер мазмұндары ұқсас болса, өз кодекстерін ұстанатын болады.
- Біз үшінші тараптарға құрметпен қараймыз және олардан да осындай жауапты күтеміз.

[Сатып алу және жеткізушілерді таңдау саясатымызбен](#) танысып шығыңыз.

Әріптестерге арналған орталық саясаттар порталы

Зерттеулер мен әзірлемелерді бағдарға аламыз

Біз тиісті нормативтік талаптарға сәйкес келетін тиімді, қауіпсіз және сапасы жоғары өнімдерді жеткізу арқылы күн сайын пациенттеріміз бен сатып алушыларымыздың сеніміне ие болуға тырысамыз. Сонымен қатар біз Компания демеушілік ететін клиникалық зерттеулердің нәтижелері туралы нақты және объективті түрде есеп беретін басылымдарды әзірлеп, қаржыландыру және редакциялық қолдау туралы ақпаратты ашуға міндеттенеміз.

Зерттеулер

Зерттеулер пациенттер мен клиенттердің өмірін едәуір жақсартатын терапияны құрудың негізі болып саналады. Біз пациенттер мен клиенттердің медициналық және ғылыми қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін этикалық зерттеулер мен әзірлемелерді бастап, қолдаймыз.

Біздің талап-тілектеріміз

- Біз барлық қолданыстағы заңдар мен нормаларға сәйкес барлық зерттеулерді әзірлеп, жүргізуге міндеттенеміз.
- Біз демеушілік ететін үшінші тараптардың зерттеулері барлық қолданыстағы заңдар мен нормаларға сәйкес келеді деп күтеміз.
- Біз пациенттердің қауіпсіздік стандарттарын ұстанамыз және тиісті клиникалық тәжірибе сияқты жергілікті және халықаралық этикалық қағидаттарды мойындаймыз.
- Біз талаптарға сәйкестікті қамтамасыз ету үшін клиникалық зерттеулер орындарына аудит пен мониторинг жүргіземіз.

Клиникалық деректердің біртұтастығы

Біз олардың өмірлік циклы бойына деректердің тұтастығы мен сапасын қамтамасыз етуге міндеттенеміз. Бұған зерттеу міндетіне қол жеткізілгенге дейін және заңнама талаптарына сәйкес деректерді сақтау қажеттілігі жойылғанға дейін деректерді қалыптастыру, өңдеу, талдау, жазу, тексеру, бекіту, есеп беру, тарқату, беру, резервтік көшірмесін жасау, сақтау және іздеу кіреді.

Біздің талап-тілектеріміз

- Біз демеушілік зерттеулерімізде дамудың барлық кезеңдерінде клиникалық деректердің жоғары сапасын қамтамасыз етеміз.
- Зерттеулерде пайдаланылатын барлық кезеңдерінде олардың тұтастығын сақтау үшін біз клиникалық деректерімізді дұрыс пайдаланбаудан, жоғалтудан немесе өзгертуден қорғаймыз.
- Біздің клиникалық деректеріміздің тұтастығы сапалы өнім өндірудің ажырамас бөлігі екенін түсінеміз.

Bausch+Lomb компаниясының клиникалық зерттеулерінің деректері бөліміндегі қосымша ақпаратты қараңыз.

Адамды қорғау

Зерттеу жүргізілетін барлық елдерде зерттеуге қатысушылардың денсаулығын, әл-ауқатын және қауіпсіздігін қорғаймыз. Біздің интервенциялық зерттеулеріміз клиникалық зерттеулерде адамды қорғаудың халықаралық дәрежеде танылған қағидаттарын іске асырады.

Пациенттердің біздің зерттеулерімізге қатысуы үшін ақпараттандырылған келісім негізге алынады.

Біздің талап-тілектеріміз

- Біз өз зерттеулерімізге қатысатын барлық пациенттерден ақпараттандырылған келісім алуға кепілдік береміз.
- Біз медицина және қауіпсіздік мамандары, сондай-ақ сыртқы сарапшылар жүргізетін ішкі шолуларды пайдалана отырып, пациенттердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін зерттеу нәтижелері мен өнімдердің қауіпсіздігі туралы ақпаратты үнемі бақылап отырамыз.
- Біздің клиникалық зерттеулерімізді халықаралық қағидаттарға сәйкестігін қамтамасыз ету үшін білікті институционалдық шолу жөніндегі кеңестері немесе тәуелсіз этика комитеттері тексереді.

Жануарларды қамқорлау

Реттеуші органдар фармацевтикалық өнімдерге, медициналық құрылғыларға және тұтыну тауарларына қатысты нормативтік актілерді қабылдады, оларда зертханалық жануарларға қатысты зерттеулердің белгілі бір түрлерін адамға қолданудың алғышарты ретінде жүргізу көзделеді. Жануарларды зерттеу тек басқа тәсілдермен жауап беруге болмайтын маңызды ғылыми мәселелерді шешу үшін немесе нормативтік талаптарды орындау үшін қолданылады.

Жануарларға зерттеу жүргізу қажет болған жағдайда біз жануарларға қамқорлықпен күтім жасауды және оларды зерттеу және әзірлеу бағдарламаларында пайдалануды қамтамасыз етуге тырысамыз. Біз зерттеу орталықтарынан заңнама мен халықаралық ұсынымдарға сәйкес жануарларды күту және олардың әл-ауқатының тиісті стандарттарын сақтауды талап етеміз.

Біздің талап-тілектеріміз

- Біз зертханалық жануарларға қатысты зерттеулерді мүмкіндігінше ізгілікпен, жауаптылықпен және этикаға сай жүргізуге тырысамыз.
- Біз жануарларға қажетті зерттеулер жүргізу кезінде халықаралық дәрежеде танылған қағидаттарды (қысқарту, ауыстыру және жетілдіру) дәйекті түрде қолданамыз.
- Жануарларды сынауға арналған үшінші тараптардың зертханалары біздің атымыздан әрекет еткенде біздің Кодекс құндылықтарын ұстанады деп күтеміз.

Әріптестерге арналған орталық саясаттар порталы

Басты назарда – пациенттер, тұтынушылар және сапа.

Адамдардың өмірі мен әл-ауқатын жақсарту – барлық әрекеттеріміздің негізі. Бұл басымдық біздің құндылықтарымыз бен миссиямыздың негізін құрайды. Біз медицина және фармацевтика қоғамдастығымен, пациенттермен, пациенттердің ұйымдарымен және клиенттермен жергілікті заңмен рұқсат етілген дәрежеде өзара әрекеттесеміз. Біз олардың пікірлері мен тәжірибесі өнімді жетілдіру және инновация қолдануда көрініс табатынын білеміз.

Сапалы өнімдер

Біздің сапаны басқару жүйеміз өнімдер мен бизнес-процестерді үздіксіз жетілдірудің жаһандық мәдениетінің бір бөлігі болып саналады. Біз өнімнің өмірлік циклын басқаруда операцияларды жетілдіру үшін қатаң ғылыми тәсілдеме мен оқытуды қолданамыз. Барлық өндіріс орындары мен функциялары үшін тұрақты нормативтік сәйкестікке қол жеткізу және қолдау пациенттер мен клиенттер үшін сапалы өнімді қалай жасайтынымыздың маңызды аспектісі болып саналады.

Біздің талап-тілектеріміз

- Біз өз өнімдеріміздің қауіпсіздігі мен тиімділігін қамтамасыз ету үшін жауап береміз.
- Біз сенімді өнімдер мен қызметтерді айнымастан жеткіземіз.
- Біз пациенттеріміз бен сатып алушыларымыздың тек түпнұсқа өнімдерді алуын қадағалаймыз.
- Біздің өнімдеріміз пациенттер мен клиенттердің үмітін ақтайды.
- Біз өз мақсаттарымызға жету үшін үнемі жетілдірудің жаһандық мәдениетін ұстанамыз.

Пациенттер мен тұтынушылардың қауіпсіздігі

Пациенттер мен тұтынушылардың қауіпсіздігі мен әл-ауқаты – біздің басты басымдығымыз. Біздің этикалық және ғылыми жауапкершілігіміз қауіпсіздік туралы ақпаратты жинау, өңдеу және бағалау және ол туралы билік органдарына, медицина және фармацевтика қызметкерлеріне, пациенттер мен тұтынушыларға уақтылы хабарлаудан тұрады. Жағымсыз құбылыс, өнім сапасының мәселесі немесе біздің кез келген өнімдерімізге немесе құрылғыларымыз бойынша адам қауіпсіздігіне қатысты кез келген басқа мәселе туралы хабардар болған кез келген әріптес біздің ережелерімізге сәйкес бұл туралы дереу хабарлауы керек.

Біздің талап-тілектеріміз

- Біз пациенттер мен тұтынушылардың қауіпсіздігіне жауаптымыз.
- Біз жағымсыз құбылыстар туралы білген сәттен бастап 24 сағат ішінде олар туралы хабарлауға міндеттіміз.
- Біздің медицина және клиника сарапшыларымыз ықтимал жағымсыз құбылыстар туралы барлық есептерді тексереді.
- Біз денсаулық сақтау органдарының жағымсыз құбылыстар туралы хабардар ету жөніндегі талаптарын сақтаймыз.

Әріптестер үшін "[Пациенттердің қауіпсіздігі](#)" бөлімін және әріптестерге арналған "[Жағымсыз құбылыстар мен медициналық шағымдар](#)" ресурстарын қараңыз.

Медицинаға қол жеткізу

Біздің дәрі-дәрмектерге белгілейтін бағаларымыз олардың пациенттер, төлеушілер және қоғам үшін құндылығын көрсетеді және пациенттерге кең қол ашады, бұл біздің миссиямызды орындау қабілетімізді қамтамасыз етеді. Біз баға белгілеудің әртүрлі тәсілдемелерін икемді қолдана отырып, жекелеген адамдар мен елдердің әртүрлі экономикалық болмысын ескереміз.

Біз кейбір пациенттер рецепт бойынша қажетті препараттарды алуға кедергі болатын қаржылық қиындықтарға тап болуы мүмкін екенін түсінеміз. Біз пациенттерге көмек көрсету бағдарламалары арқылы дәрі-дәрмектерге қол жеткізуді қамтамасыз етуге тырысамыз.

Біздің талап-тілектеріміз

- Біз өз өнімдерімізді оларды қажет ететін пациенттер үшін қолжетімді етуге тырысамыз.
- Біз дәрілерімізге баға белгілеген кезде олардың қолжетімді болуын, болашақта дәрі-дәрмектерге инвестиция салу мүмкіндігі сияқты факторларды мұқият таразылаймыз.
- Біз төлеушілерден пациенттерге қолжетімді бағамен дәрі-дәрмектерге қол жеткізуді сұраймыз.
- Біз заңмен рұқсат етілген болса, қол жеткізу мәселелерін шешу үшін жеңілдіктер ұсынамыз.
- Біз мемлекеттік органдардың шығындар немесе бағалар туралы барлық талаптарын сақтауға міндеттенеміз.
- Біз пациенттерге көмек көрсету бағдарламалары арқылы оларды қолдаймыз.

Толығырақ ақпаратты "[Пациенттерге көмек беру бағдарламалары](#)" бөлімінен табуға болады.

Пациенттермен және тұтынушылармен өзара әрекеттесу

Кейде біз пациенттермен, пациенттердің ұйымдарымен және тұтынушылармен олардың тәжірибесін түсіну үшін байланыста боламыз. Біз сондай-ақ медицина және фармацевтика және көз мамандары пациенттер мен тұтынушылар үшін ауруларды емдеу және күтім туралы ақпарат көзі екенін құрметтейміз.

Біздің талап-тілектеріміз

- Біздің пациенттермен және тұтынушылармен қарым-қатынасымыз құрметке сүйенеді, ашық және заңды.
- Біз деректердің құпиялылығына қойылатын талаптарға сәйкес коммерциялық қызмет барысында пайдаланылатын кез келген дербес деректерді қорғап, сақтауды және өңдеуді қамтамасыз етуге тырысамыз.
- Біз бизнес жүргізетін аймақтардағы тұтынушыларға арналған өнімдеріміздің маркетингіне қолданылатын барлық заңдарды сақтаймыз.

Әріптестерге арналған орталық саясаттар порталы

[Біз әріптестерімізге арқа сүйейміз](#)

Біздің жетістігіміз адалдыққа, жекелеген таланттарға және күнделікті әрекеттерге байланысты. Біз өзіміздің мінез-құлқымыз, жұмысты орындауға деген құлшынысымыз және лауазымдық міндеттерімізге қатысты қолданыстағы заңдар мен ережелерді білуге жауаптымыз.

Әртүрлілік, теңдік және инклюзия

Біз жұмыс орнымызда әртүрлілікке, теңдікке және инклюзияға ұмтыламыз. Жыныстары, жыныстық бағдары, жасы, этникалық тегі, діні мен ділі, сенім-нанымы, таланты, мәдениеті әртүрлі адамдардан құралған, мүгедектерді бауырына басатын әртүрлі командалар біздің шығармашылық әлеуетімізді арттырады және бізді динамикалық жігерлі және табысты ұйымға айналдырады.

Біз инклюзиялық мәдениетті құруға және қысымсыз жұмыс ортасын қамтамасыз етуге тырысамыз. Біз жұмыспен қамтудың тең мүмкіндіктерін ұсынатын жұмыс беруші ретінде кемсітушіліктің кез келген түріне жол бермейміз. Біз адамдарды нәсіліне, терісінің түсіне, діни наным-сенімдеріне, жыныстық бағдарына, ұлтына, жасына, отбасылық жағдайына, жынысына немесе гендерлік сәйкестігіне және жеке басының сипатына, генетикалық ақпаратқа, азаматтығына немесе ардагер мәртебесіне қарай түрлі факторларға сүйеніп кемсітуге немесе қудалауға тыйым саламыз.

Кемсітушіліктен күдіктенген жағдайда кадрлар бөліміне хабарлауға болады. Егер заңсыз кемсітушілік орын алғанын анықтасақ, болашақта кез келген кемсітушіліктің алдын алу үшін жағдайды түзету үшін тиімді шаралар қабылданады. Біз шағым берген адамды қудаламаймыз және басшылықтың немесе әріптестердің қудалауына жол бермейміз.

Біздің талап-тілектеріміз

- Біз жұмыс орнымыздағы пікірлер мен айырмашылықтарды бағалаймыз.
- Біз бір-бірімізге құрметпен қараймыз және көңіл бөлеміз.
- Біз әр адамның қадір-қасиетін жоғары бағалаймыз.

Жұмыс орнындағы қауіпсіздік

Қауіпсіз және сенімді жұмыс орны – барлық адамдар үшін басты басымдық. Біздің қоршаған ортаны қорғау, денсаулық сақтау, қауіпсіздік және тұрақты даму бағдарламаларымыз жұмыс орнындағы аурулар мен жарақаттардың санын азайтып, әріптестеріміздің қауіпсіздігін, денсаулығын және күн сайын жақсы жұмыс істеуге дайын болуын қамтамасыз етуге арналған. Еңбекті қорғау мен қауіпсіздік техникасының қатаң тәжірибесі бизнестің үздіксіздігіне және қолданыстағы заңдар мен нормалардың сақталуына ықпал етеді.

Біз күш көрсету, қорқытып-үркіту, мәжбүрлеу, қудалау немесе адамның соңына түсу сияқты әрекеттерге жұмыс уақытында да, жұмыстан тыс уақытта да жол бермейміз. Бұл әріптестердің, клиенттердің, жеткізушілердің немесе қоғамның басқа өкілдерінің тарапынан болатын қауіп-қатерге қатысты. Барлық қауіп немесе зорлық-зомбылық туралы мүмкіндігінше тезірек хабарлау керек.

Есірткіні, алкогольді тұтыну және атыс қаруын иелену әріптестердің қауіпсіздігін бұзады, жұмыс ортасы мен еңбек әдебіне теріс әсер етеді. [Vausch + Lomb аумағында тыйым салынған есірткі заттарын, алкоголь және күшті әсер ететін заттарды](#) пайдалануға немесе сақтауға қатаң тыйым салынады. Есірткі заттарын немесе алкогольді қолданудың әсеріне ұшыраған немесе әсер еткен кезде жұмысты доғарып, басқалардың да жұмыс істеуіне рұқсат етпеген жөн.

Біздің талап-тілектеріміз

- Егер бірдеңе немесе біреу бізге қауіпті болып көрінсе, уақтылы көмек сұрау арқылы біз бір-бірімізді зияннан қорғаймыз.
- Біз қорқыту, қару-жарақ және зорлық-зомбылықсыз ортада жұмыс істейміз.
- Біз қауіпсіз жұмыс ортасын жасау үшін жауаптымыз.

Толығырақ ақпарат [Қоршаған ортаны қорғау, қауіпсіздік, өнеркәсіптік гигиена және денсаулық сақтау саласындағы жаһандық саясатта](#) қамтылған.

Мүдделер қақтығысына жол бермеу

Бізден өз мүдделерімізді Vausch + Lomb корпоративтік мүдделерімен қақтығысқа түсірмеу талап етіледі. Мүдделер қақтығысы сіздің жеке мүдделеріңіз, қарым-қатынастарыңыз немесе әрекеттеріңіз жұмысты орындау қабілетіңізді объективті түрде жүзеге асыруға кедергі келтірген кезде пайда болады. Мүдделер қақтығысынан аулақ болу керек, өйткені бұл біздің беделімізге нұқсан келтіруі мүмкін.

Біз барлық мүдделі тараптар арасындағы сенімді сақтап қалу үшін қолданыстағы, болжамды және ықтимал мүдделер қақтығысын жария етуге және тиімді реттеуге міндеттенеміз.

Әлеуетті мүдделер қақтығысына келесілер жатады:

- Қазіргі уақытта Vausch+Lomb компаниясымен бәсекеге қабілетті немесе іскерлік қарым-қатынаста болуды жоспарлаған жеке адаммен немесе компаниямен жұмысты қоса алғанда, басқа қызметпен айналысу.
- Vausch+Lomb компаниясының жеткізушісімен, дистрибьюторымен, клиентімен немесе бәсекелесімен қаржылық қатынастар орнату.
- Vausch+Lomb компаниясының жеткізушісіне, клиентіне немесе бәсекелеске жұмыс істейтін отбасы мүшесінің немесе жақын туыстарының болуы.
- Жеткізушіден, дистрибьютордан, клиенттен немесе Vausch+Lomb компаниясымен серіктес болғысы келетін адамнан сыйлық алу.
- Компанияның, оның ішінде денсаулық сақтау саласындағы коммерциялық емес ұйымның директоры немесе лауазымды тұлғасы ретінде жұмыс істеу.
- Қызметкердің немесе оның отбасының кез келген мүшесінің Vausch + Lomb компаниясымен бизнес жүргізетін кез келген қызметке қатысуы
- Корпоративтік меншікті немесе іскерлік ақпаратты жеке мақсатта пайдалану.

Біздің талап-тілектеріміз

- Біз нақты және түкке тұрғысыз мүдделер қақтығысына түсуден бойымызды аулақ саламыз.
- Біз Bausch+Lomb компаниясының активтері мен беделінің адалдығын қорғаймыз және күмәнданбаймыз.
- Ықтимал мүдделер қақтығысына байланысты жағдайлар туралы өз басшысына және ішкі бақылау бөлімінің басшысына хабарлау қажет.

Толығырақ ақпарат [Мүдделер қақтығысы жөніндегі жаһандық рәсімде](#) келтірілді. Қақтығыс туралы хабарлау үшін [Мүдделер қақтығысын анықтау туралы хабарлама нысанын](#) жіберіңіз.

Инсайдерлік ақпарат

Жұмыс кезінде сізге біздің немесе басқа компания туралы маңызды көпшілікке жариялауға болмайтын ақпарат белгілі болады. Біз Vausch+Lomb компаниясына және бізбен бизнес жүргізетін басқа компанияларға қатысты маңызды жариялауға жатпайтын ақпараттың қатаң құпиялылығын сақтаймыз. Біз бағалы қағаздармен операцияларды этикалық тұрғыдан, Заңға және ережелерімізге сәйкес жүргіземіз.

Маңызды ақпараттың мысалдары қандай?

Елеулі ақпарат келесідей тармақтардан тұрады, бірақ олармен шектелмейді:

- Кірістер туралы есептер мен болжамдар
- Маңызды қаржылық операциялар
- Маңызды өнімдерді немесе активтерді сатып алу, сату немесе лицензиялау
- Басшы лауазымдардағы маңызды өзгерістер
- Клиникалық зерттеулер немесе олардың нәтижелері
- Іске қосу мерзімдері, реттеуші органдардың мақұлдау мәртебесі немесе жаңа өнімдердегі елеулі өзгерістер
- Сот ісін жүргізуге, нормативтік актілерге немесе үкіметтік тергеуге қатысы бар ірі оқиғалар

Біздің талап-тілектеріміз

- Біз бәріміз маңызды жария етуге жатпайтын ақпараттың құпиялылығын сақтауға жауаптымыз.
- Біз Vausch + Lomb компаниясының басқа қызметкерлеріне жария етуге болмайтын ақпаратты бере алмайтынымызды түсінеміз.
- Біз Vausch+Lomb компаниясына қатысы жоқ адамдарға, соның ішінде акционерлеріміз бен инвесторларымызға маңызды жария етуге болмайтын ақпаратты бермейміз.
- Егер бізге қандай болмасын компания туралы маңызды жария етуге болмайтын ақпарат белгілі болса, біз оның бағалы қағаздарын сатпаймыз, сауда-саттық ұйымдастырмаймыз және бұл ақпаратты басқаларға жария етпейміз.
- Егер сіз жұмыста қолданылатын ақпаратқа сенімді болмасаңыз, оны жібермес бұрын заң бөлімімен кеңесіңіз.

Қосымша ақпарат алу үшін [Инсайдерлік ақпаратты пайдалану саясатымен](#) танысуыңызды сұраймыз.

Ақпараттың көпшілікке жария болуы

Біз жаңалықтар шығаруға, ақпаратты ашуға және бағалы қағаздармен сауда жасауға қатысты барлық қолданыстағы заңдарды, қағидалар мен бағалы қағаздар ережелерін сақтауға тырысамыз. Біз жұртшылыққа ақпаратты, уақтылы және дәл ашуды қамтамасыз етудің дәйекті тәжірибесін ұстанамыз. Бұл заңдар мен компанияларға қойылатын талаптар әртүрлі бағалы қағаздарды реттеуші органдарға жіберілетін ақпаратты жария ету құжаттарына, сондай-ақ Vausch+Lomb бағалы қағаздарының инвесторлары арасында жеткілікті түрде таралуы мүмкін

пресс-релиздерге, бағалы қағаздардың талдаушыларына арналған презентацияларға және басқа құжаттарға қолданылады.

Егер сіз ақпаратты жария ету дайындығына қатысатын уәкілетті өкіл болсаңыз, сіз Компанияның барлық қолданыстағы талаптары мен заңнамалық талаптарын орындауыңыз керек. Ақпаратты жария ету жөніндегі ешқандай құжаттарда оқырманды шатыстырмау үшін енгізілуге тиісті елеулі ақпаратты бұрмалауға немесе елеулі ақпаратты көрмей қалуға жол берілмейді.

Қосымша ақпарат алу үшін [Ақпаратты жария ету саясатымен](#) танысуыңызды сұраймыз.

Біздің талап-тілектеріміз

- Біз белгілі бір тағайындалған өкілдер ғана Компания немесе біздің бизнес туралы көпшілік алдында сөйлей алатынын түсінеміз.
- Біз БАҚ өкілдерін Жұртшылықпен байланыс жөніндегі бас маманға, ал қаржылық талдаушыларды және/немесе инвесторларды, егер сұрақтар туындайтын болса, Инвесторлармен байланыс бөлімінің басшысына жібереміз.
- Біз тағайындалған баспасөз хатшыларының инвестициялық қоғамдастықтың, бұқаралық ақпарат құралдарының және басқалардың сұрауларына бекітілген және дәл жауаптар берудің маңыздылығын мойындаймыз.

Әлеуметтік желілерді пайдалану

Әлеуметтік желілер платформаларын жұмыста да, жеке мақсатта да қолдану кезінде әлеуметтік желілерге байыпты көзқараспен қараңыз. Әрбір қызметкерден әлеуметтік желілерді іскерлік қызмет үшін де, жеке мақсаттарда да пайдалану кезінде кәсіпқойлықтың биік стандарттарын сақтау талап етіледі. Барлық іскерлік материалдар желіге орналастырылмас бұрын немесе біздің ережелерімізге сәйкес келмес бұрын тиісті корпоративтік немесе жергілікті Vausch+Lomb рәсімдерінде мақұлдануы тиіс. Қудалау, орынсыз сөздер, қорлау немесе кемсітушіліктің кез келген түрі біздің құндылықтарымызға сәйкес келмейді және рұқсат етілмейді.

Біздің талап-тілектеріміз

- Егер біреу біздің жеке немесе іскерлік әлеуметтік желілерде Vausch+Lomb өнімдері туралы сұраса, біз оны өнім туралы ақпарат алу үшін медициналық маманға жолдаймыз.
- Біз Vausch + Lomb компаниясының әлеуметтік желілердегі ресми өкілі болып ресми түрде тағайындалған жағдайларды қоспағанда, құпия іскерлік ақпаратты желіде жарияламаймыз.
- Біз бәсекелестеріміз, клиенттеріміз, іскер серіктестеріміз, жеткізушілеріміз немесе олардың өнімдері туралы интернетте пікір қалдырмаймыз.

Қосымша ақпарат алу үшін [Әлеуметтік медиаға қатысты корпоративтік саясатпен](#) танысуыңызды сұраймыз.

Әріптестерге арналған орталық саясаттар порталы

Біздің назарымызда – қоғамдастықтар

Vausch + Lomb компаниясы жауапты корпоративті азамат болуға және біз тұратын және жұмыс істейтін қоғамдастыққа көмек көрсетуге тырысады.

Қайырымдылық қызметі және қайырсыялар

Біз адамдардың өмірін жақсарту мақсатында денсаулық сақтауды қолдау және дамыту үшін Бауш қорын құрдық. Біз жұмыс істейтін аймақтардың өміріне елеулі өзгерістер енгізетіні дәлелденген және көпшілік мойындаған әрі заңды түрде тіркелген қайырымдылық ұйымдарына қайырымдылық жарналарын аударамыз және өнімдерге қайырсыялар береміз.

Біздің талап-тілектеріміз

- Vausch қоры біздің қайырымдылық жарналарымызды басқарады.
- Біздің қайырымдылығымыз адал бағдарламалар мен заңды қызметті қаржыландыруды қамтамасыз ету үшін бірқатар объективті критерийлерге негізделген.
- Біз жекелеген медицина немесе фармацевтика қызметкерінің немесе ұйымның пайдасына қайырымдылық жарналарын аудармаймыз, сондықтан біздің қаржылық қолдауымыз белгілі бір өнімді немесе емдеу курсына тағайындау немесе ұсынғаны үшін ынталандыру немесе сыйақы болып саналмайды.
- Біз ешқандай пайда немесе қайтарым күтпестен филантропиямен, қайырмалдықпен және қайырымдылықпен айналысамыз.

Қосымша ақпарат алу үшін [Бауш қорына](#) жүгініңіз.

Саяси жарналар мен қызмет

Біздің саяси процеске өз еркімізбен қатысуға және жеке жарналар жасауға құқығымыз бар. Егер сіз саяси процеске қатысу туралы шешім қабылдасаңыз, оны Vausch + Lomb компаниясының өкілі ретінде емес, жеке адам ретінде жасауыңыз керек.

Біздің талап-тілектеріміз

- Біз саяси қызметке қатысу арқылы жеке тұлға ретінде әрекет ететінімізді түсінеміз.
- Біздің жеке саяси көзқарастарымыз әртүрлі болуы мүмкін және біз бір-бірімізге құрметпен қараймыз.

Адам құқықтары және қазіргі заманғы құлдық

Біз өз қызметімізді бүкіл әлемде адам құқықтары саласындағы заңнамаға сәйкес жүргізуге және Біріккен Ұлттар Ұйымының адам құқықтары тұрғысынан кәсіпкерлік қызметті басқару қағидаттарында баяндалған адам құқықтарына қатысты негізгі қағидаттарды ұстануға міндеттенеміз. Сонымен қатар біз бизнес жүргізетін елдердің көпшілігінде қорғауды қамтамасыз ететін тиісті жергілікті заңдар бар. Оларға қылмыстық заңнама, балалар еңбегі, бірлестік бостандығы, экономикалық мүмкіндіктер теңдігі, қол жеткізу, орналастыру және өтемақы туралы заңдар кіруі мүмкін.

Біздің талап-тілектеріміз

- Барлық қызметкерлер біздің Адам құқықтарын қорғау саясатымызды түсінуге және сақтауға жауапты.
- Біз бизнес жүргізетін барлық мүдделі тараптардың және жергілікті қауымдастықтардың адам құқықтарын түбегейлі құрметтейтініне сенеміз.
- Біз қазіргі құлдықтың, соның ішінде еріксіз, мәжбүрлі немесе міндетті еңбек пен адам саудасының алдын алу үшін тиісті шараларды қабылдауға міндеттенеміз.
- Біз проблемалық аймақтарды анықтау және жою үшін қызметкерлеріміздің жұмысын және жеткізу тізбегін бақылайтын боламыз.

Толығырақ ақпарат [Қазіргі құлдық туралы есепте](#) келтірілді.

Экспорттық бақылау, экономикалық санкциялар және бойкоттар

Көптеген елдерде біздің өнімдерімізді, қызметтеріміз бен технологияларымызды сату, жеткізу, экспорттау, кері экспорттау және беруді реттейтін заңдар мен ережелер қолданылады. Жағдайға қарай оларға экспорттық бақылау, экономикалық санкциялар және бойкот кіреді. Санкциялар қолданылатын елдермен кез-келген қызмет мұндай қызметтің қолданыстағы санкциялар мен нормаларға сәйкестігін қамтамасыз ету үшін ішкі мақұлдауды және, қажет болған жағдайда, үкіметтің рұқсатын талап етеді.

Біз бойкоттарға қарсы Америка заңдары мен ережелерін, сондай-ақ талап етілетін есеп беру міндеттемелерін сақтаймыз. Басқа елдер мен аумақтарда тиісті рұқсатты қажет ететін шектеулер қолданылатын болады. Бұдан бөлек, санкциялар қолданылатын адамдардың тізіміне енгізілген жеке және заңды тұлғалармен өзара іс-қимыл шектелуі немесе тыйым салынуы мүмкін.

Біздің талап-тілектеріміз

- Біз өзіміз бизнес жүргізетін елдердің заңдары мен нормаларын сақтаймыз.
- Біз экспорттық бақылау, экономикалық санкциялар және бойкоттардың талаптарын ұстанамыз.
- Экспорттық бақылау белгілі бір елдер, аумақтар немесе соңғы пайдаланушылар үшін белгілі бір бақыланатын өнімдерді, бағдарламалық жасақтаманы және технологияларды пайдалануды және оларға қол жеткізуді шектейтінін түсінеміз.

Толығырақ ақпарат [Антибойкот саясаты мен рәсімінде баяндалған](#).

Тұрақты даму және қоршаған орта

Біз қауіпсіз және тұрақты жұмысқа ұмтыламыз және іскерлік мінез-құлық пен этиканың жоғары стандарттарын ұстанамыз. Біз өнімдеріміз, жабдықтарымыз, құралдар және қызметтеріміз арқылы өз миссиямызды орындауға тырысамыз: адамдарға жақсы өмір сүру үшін жақсы көруге көмектесіп, оны жауапкершілікпен орындаймыз. Біз өз бизнесіміз бен тұрақты дамуымыз үшін тәуекелдерді, мүмкіндіктер мен салдарды үнемі бағалау маңызды екенін мойындаймыз.

Біздің талап-тілектеріміз

- Біз жұмысымызға, объектілерімізге және өнімдерімізге қолданылатын қоршаған ортаны қорғау, денсаулық және қауіпсіздік саласындағы заңдар мен нормаларды сақтаймыз.
- Біз қазіргі және болашақ ұрпақ үшін қоршаған ортаны қорғау маңызды міндеттеме мен жауапкершілік деп санаймыз.
- Біз жұмыс істейтін қоғамдастықты қолдауға және дамытуға тырысамыз.
- Біз өнімдеріміздің, жеткізу тізбегінің, өндірістің, дистрибуцияның, сатудың және әкімшілік қолдаудың қоршаған ортаға әсерін қарастырамыз.

Толығырақ ақпарат [Bausch+Lomb компаниясының ықпалы туралы есепте](#) келтірілді.

Әріптестерге арналған орталық саясаттар порталы

Біз Компанияның активтеріне ден қоямыз

Әрқайсымыз корпоративтік активтердің сақталуын қамтамасыз ете отырып, Vausch+Lomb компаниясының табысын қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарамыз. Біз әріптестерімізден өз активтерімізді және басқалардың бізге сеніп тапсырған активтерін жоғалудан, ұрлаудан және заңсыз пайдаланудан қорғауын талап етеміз. Жұмыс орындарымыздың, мүлкіміздің және ақпараттық активтеріміздің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін ақылға қонымды сақтық шараларын қабылдауымыз қажет.

Біздің талап-тілектеріміз

- Біз Компания активтерін жауапкершілікпен, ұтымды және тиімді пайдаланамыз.
- Біз қаржы ресурстарын жауапкершілікпен пайдалануға жауаптымыз.
- Біз іссапар шығындарына қаражатты дұрыс жұмсаймыз, оларды құжатпен растаймыз.
- Біз клиенттерді тарту біздің бизнесіміз үшін қажет екеніне көз жеткіземіз.
- Біз тек заңды қызметтер көрсету үшін үшінші тараптарды тартамыз.

Құпия ақпарат

Құпия іскерлік ақпарат – бұл барлық адамдар қорғауы керек құнды корпоративтік актив. Қызметтік ақпараттың жоғалуы барлығына зиян тигізуі мүмкін. Құпия және қызметтік ақпаратты рұқсатсыз ашу Vausch+Lomb компаниясына қаржылық, беделдік немесе басқа да зиян келтіру арқылы оның құнын төмендетуі немесе жоюы мүмкін.

Қызметтік ақпараттың мысалдары қандай?

Қызметтік ақпарат осы мысалдарда көрсетілгендей әртүрлі нысанда құрылуы мүмкін:

- Қаржылық нәтижелер, іскер құжаттар және әріптестер тізімі.
- Коммерциялық құпиялар, патенттер, деректер базасы, ықтимал иелік, иеліктен шығару және лицензиялар.
- Біздің кез келген клиникалық зерттеулеріміз немесе олардың нәтижелері.
- Стратегиялық бизнес-жоспарлар, жаңа өнім шығару жоспарлары, баға шешімдері, маркетинг стратегиялары, тұтынушылар мен жеткізушілердің тізімдері.

Біздің талап-тілектеріміз

- Біз Vausch+Lomb компаниясының барлық жария етуге болмайтын, қызметтік ақпаратын және зияткерлік меншігін құпия ұстаймыз.
- Біз кез келген құпия корпоративтік ақпаратты ашпас бұрын құпиялылық туралы келісімдердің маңыздылығын түсінеміз.
- Біз клиенттеріміз бен жеткізушілерімізден алынған ақпараттың құпиялылығын құрметтейміз.
- Біз жұмыстан шығарылғаннан кейін Компанияның меншігі болып табылатын барлық ақпаратты қайтаруға жауаптымыз.
- Біз жұмыс аяқталғаннан кейін де құпия ақпаратты қорғаймыз.

Зияткерлік меншік

Bausch+Lomb әріптестері әзірлеген барлық ақпарат, технология және басқа Зияткерлік меншік Bausch+Lomb компаниясына тиесілі және компанияның меншігінде қалуы керек. Біз Bausch+Lomb компаниясының зияткерлік меншік құқығын растау және үшінші тұлғалардың құқықтарын құрметтеу үшін барлық ақылға қонымды шараларды қабылдауымыз керек.

Біз авторлық құқықпен қорғалған материалдарды иесінің немесе оның уәкілетті өкілдерінің рұқсатынсыз авторлық көбейтуге, таратуға немесе өзгертуге тыйым саламыз. Bausch + Lomb компаниясының қызметіне байланысты пайдаланылатын немесе ақпараттық технологияларына орнатылатын бағдарламалық жасақтама тиісті түрде лицензиялануы тиіс және тек осы лицензияға сәйкес пайдаланылуы тиіс.

Деректердің құпиялылығы

Дербес деректерді өңдеу - әріптестермен, клиенттермен, пациенттермен және басқа адамдармен қарым-қатынасымыздың негізгі құрамдас бөлігі. Біз дербес деректерді нақты, өзекті және заңды іскерлік себептер бойынша жинаймыз және сақтаймыз, оларды тек тиісті мақсаттарда пайдаланамыз. Біздің дербес деректерді қорғау бағдарламамыз қолданыстағы заңдарды, нормативтік актілерді және дербес деректерді қорғау қағидаттарын ескере отырып әзірленді.

Біз барлық мүдделі тараптардың дербес деректерінің құпиялылық құқықтарын құрметтейміз. Дербес деректердің құпиялылығы туралы жаһандық заңдар бізден бұл ақпаратты қорғауды және оны тек тиісті мақсаттарда пайдалануды талап етеді. Біз дербес деректердің сақталуына жауаптымыз және оларды қауіпсіз сақтауды қамтамасыз ету бойынша ақылға қонымды шаралар қабылдаймыз.

Біздің талап-тілектеріміз

- Біз дербес деректерді өңдеуді бизнестің көрсетілген мақсаттарын ескере отырып, қажетті және пропорционал түрде шектейміз.
- Дербес деректерді жинамас бұрын біз адамдарға олардың деректері қалай пайдаланылатыны және берілетіні туралы хабарлаймыз, қажет болған жағдайда, сол адамның оның дербес деректерін өңдеуіне ақылға қонымды келісімін аламыз.
- Егер адамдар өздерінің құпиялылық құқықтарын пайдаланғысы келсе немесе сұрақтары, сұраулары немесе шағымдары туындайтын болса, біз байланыс ақпаратын көрсетеміз.
- Біз дербес деректерді іскерлік мақсатқа жету үшін қажетті уақыт аралығында ғана сақтаймыз.
- Біз дербес деректерді заңды қажеттілігі бар және оларды шарттық негізде қорғауға міндеттенетін тұлғаларға, іскер серіктестерге және жеткізушілерге ғана береміз.
- Біз жаңа бизнес-процестер мен жобаларды құпиялылық қағидаттарына негізделген тәсілдемені қолдана отырып, дербес деректердің құпиялылығы мен қауіпсіздігіне қойылатын талаптар тұрғысынан бағалаймыз.

- Біз жиналған дербес деректерді бұзудан, жоғалтудан, рұқсатсыз кіруден, ашудан, көшіруден, пайдаланудан немесе өзгертуден қорғау үшін тиісті қауіпсіздік шараларын қолданамыз.

Қосымша ақпаратты "Деректердің құпиялылығының жаһандық саясаты - дербес деректерді қорғау" бөлімінен қараңыз.

Жасанды интеллектіні жауапкершілікпен пайдалану

Біз жасанды интеллектіні қолдау құралдары мен мүмкіндіктері сияқты технологиялар біздің бизнесіміз үшін үлкен маңызға ие екенін мойындаймыз. Біз жасанды интеллект құралдарын жауапкершілікпен және деректердің құпиялылық қағидаттарына және анықталатын қолданыстағы заңдарға сәйкес пайдалануға және жасауға міндеттенеміз.

Ақпараттық технологиялар және киберқауіпсіздік

Біз ақпараттық технологиялар мен деректерді қорғау үшін ақылға қонымды және тиісті сақтық шараларын қолданамыз. Заңды іскерлік мақсаттар үшін біз заң бойынша қажет және талап етілетін жағдайда ақпараттық технологиялардың пайдаланылуын бақылаймыз.

Біздің технологиялық жабдықтарымыз бен жүйелеріміз бизнес жүргізу үшін қажет және құнды корпоративтік ақпаратты, дерек қорларын, зерттеулер, іскерлік коммуникациялар мен жазбаларды қамтиды. Біз киберқауіпсіздік қатерлеріне байыпты қараймыз және жүйелеріміз бен деректерімізді қорғауға тырысамыз. Барлық әріптестер Bausch+Lomb деректерін қорғауға белсенді қатысады, қажетті тренингтер мен оқулардан өтеді, пайдаланушы есептік жазбаларын қорғайды, тек мақұлданған бағдарламалық жасақтама мен қызметтерді пайдалана отырып, электрондық пошта арқылы алынған зиянды хабарларды анықтап, хабарлайды және жүйелердің бұзылғанын анықтап, хабарлайды.

Біздің талап-тілектеріміз

- Әр адам киберқауіпсіздік үшін жауап береді және Компанияның тәуекелдерді азайтуға бағытталған бастамаларына қатысады.
- Біз кеңседе немесе үйде, портативті құрылғыларда немесе сымсыз желілерде жұмыс істесе кетсе, деректерімізді қорғауды қамтамасыз етеміз.
- Біз бәріміз электрондық ақпарат пен жүйелердің қауіпсіздігін қадағалаймыз.
- Біз құпия ақпараттың қалай сақталатынына, берілетініне немесе таралатынына қарамастан оны сенімді түрде өңдейміз.
- Біз сенімді құпиясөз ойлап табамыз және үнемі жаңартып отырамыз, мүмкіндігінше, көпфакторлы аутентификацияны қолданамыз.
- Киберқауіпсіздік қаупіне немесе оқыс оқиғаларға қатысты кез келген күдік туралы IT-көмек қызметіне тез хабарлаймыз.
- Біз жеке құрылғыларды жұмыс мақсатында пайдалану кезінде қауіпсіздік хаттамаларын ұстанамыз.

- Біз үшінші тарап жеткізушілері Компанияның жүйелеріне немесе деректеріне қол жеткізе алатын болса, қауіпсіздік талаптарын орындайтынына көз жеткіземіз.

Толығырақ ақпаратты Ақпараттық технологиялардың киберқауіпсіздік бағдарламаларының саясатын **табуға** болады.

Жазбаларды сақтау

Жазбалар бизнестің бүкіл өмірлік циклында сақталуы тиіс. Сақтау мерзімдері ақпарат түріне, жазба мақсатына және жергілікті заң талаптарына байланысты өзгеруі мүмкін. Біз құжаттар мен деректерді талап етілетін уақыт аралығында сақтау рәсімдерін орындауды қамтитын нақты кітаптар мен жазбаларды жүргіземіз.

Бөлімдер бойынша анықтамалар

Күнделікті этика

Кодексте көрсетілген әріптестер – толық және толық емес жұмыс күніне жұмыс істейтін қызметкерлер, консультанттар мен мердігерлер.

Әділ іскерлік тәжірибе

Үкіметтік шенеунік – бұл үкіметтің немесе кез-келген департаменттің, агенттіктің немесе ұйымның кез-келген қызметкері.

Денсаулық сақтау мамандарына лицензиясы бар тәжірибемен айналысушылар, пациенттерге қызмет көрсетуге қатысатын медициналық персонал, соның ішінде дәрігерлер, медбикелер, дәрігерлердің көмекшілері, кеңсе техниктері, стоматологтар, стоматологтардың ассистенттері, гигиена мамандары, медицина ординаторлары, фармацевт, оптометрист, оптиктер және Bausch+Lomb өнімдерін ұсынуға немесе беруге құқығы бар басқа адамдар кіреді.

Зияткерлік меншік барлық патенттерді, сауда белгілерін, қызмет көрсету белгілерін, логотиптерді, домен атауларын, сауда атауларын, авторлық құқықтарды, коммерциялық құпияларды, ноу-хау, өнертабыстарды, жаңалықтарды, идеяларды, дерек қорларын, жоспарларды, тізімдерді және ұқсас құқықтарды, сондай-ақ жоғарыда көрсетілген кез келген объектіге қатысты барлық тіркеу, өтініштерді және басқа да құқықтарын білдіреді.

Зерттеу және әзірлеу

Үкіметтік шенеунік – бұл үкіметтің немесе кез-келген департаменттің, агенттіктің немесе ұйымның кез-келген қызметкері.

Пациенттер, тұтынушылар және сапа

Жағымсыз құбылыс – дәрілік препарат тағайындалған пациенттің немесе клиникалық зерттеуге қатысушының бойынан байқалатын кез келген қолайсыз медициналық құбылысы ретінде анықталады, ол міндетті түрде осы емдеумен байланысты болмауы мүмкін. Жағымсыз құбылысқа дәрілік препаратпен байланысты деп саналатынына немесе саналмайтынына қарамастан, дәрілік препаратпен уақытша байланысты болуы мүмкін кез келген қолайсыз немесе күтпеген белгі (мысалы, аномалиялық зертханалық нәтиже), симптом немесе ауру жатады. Жағымсыз құбылыстарға бұрыннан бар жағдайлардың нашарлауы және мүмкін болатын дәрілік өзара әрекеттесулер, сондай-ақ әсердің болмауы немесе төмендеуі және басқа тұрғыдан түсіндірілмейтін кенеттен туындайтын өлім туралы хабарламалар жатады.

Әріптестер

Тағайындалған өкілдер тек Бас атқарушы директор, Бас қаржы директоры, Жұртшылықпен байланыс жөніндегі директор, Инвесторлармен байланыс бөлімінің басшысы және олардың орынбасарлары болып саналады.

Есірткі және күшті әсер ететін заттар – Кодекстің мақсаттары үшін есірткі және күшті әсер ететін заттар федералдық немесе жергілікті заңдарға сәйкес заңсыз немесе бақыланатын кез келген есірткі заттары немесе күшті әсері бар заттарды білдіреді.

Елеулі ақпарат – бұл ақылға қонымды инвестор Bausch+Lomb бағалы қағаздарын сатып алу, сату немесе иелену туралы шешім қабылдау кезінде маңызды деп саналатын ақпарат.

Көпшілікке жария етілмейтін маңызды ақпарат – бұл көпшілікке жария етілмеген кез келген маңызды ақпарат.

Қоғамдастықтар

Бойкоттар - бұл үкіметке немесе басқа елге наразылық білдіру немесе олардан жеңілдіктер алу мақсатында елдің немесе елдер тобының өзара келісілген әрекеттері.

Санкциялар – бұл белгілі бір елдерде немесе аумақтарда, белгілі бір жеке немесе заңды тұлғалармен жұмыс істеуге қойылатын экономикалық шектеулер немесе тыйымдар.

Компания активтері

Зияткерлік меншік барлық патенттерді, сауда белгілерін, қызмет көрсету белгілерін, логотиптерді, домен атауларын, сауда атауларын, авторлық құқықтарды, коммерциялық құпияларды, ноу-хау, өнертабыстарды, жаңалықтарды, идеяларды, дерек қорларын, жоспарларды, тізімдерді және ұқсас құқықтарды, сондай-ақ жоғарыда көрсетілген кез келген объектіге қатысты барлық тіркеу, өтініштерді және басқа да құқықтарын білдіреді.

Меншікті ақпарат – бұл жария етуден немесе пайдаланудан құпияда ұстау үшін біз барлық ақылға қонымды күш-жігерді салуымыз керек және нақты немесе ықтимал экономикалық құндылығы бар жария етілмейтін ақпарат.